|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 145,86 церна текущего года | | | 427,34 | 145,86 | 244,62 | |
| 145,86 люцерна прошлых лет | | | 388,77 | 155,00 | 274,05 | |
| 145,86 люцерна прошлых лет | | | 377,79 | 139,17 | 300,86 | |
| 145,86 рис | | | 390,48 | 133,17 | 294,17 | |
| 145,86 рис | | | 429,05 | 116,43 | 272,34 | |
| 145,86 рис | | | 440,03 | 128,19 | 249,60 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

Приложение 4 к постановлению акимата
Жалагашского района от «___»_______2024 года №___
Приложение 64 утверждено
постановлением акимата Жалагашского
района от 18 июня 2018 года № 120

Схема чередования (ротации) культур на орошаемых инженерно подготовленных землях №2 сельского округа Аламесек Жалагашского района

| Годы | Площадь севооборота, га | Чередование культур на полях, га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-поле | 2-поле | 3-поле | 4-поле | 5-поле |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2024 | 898,80 | 143,09 люцерна текущего года | 154,49 люцерна прошлых лет | 154,21 люцерна прошлых лет | 128,70 рис | 150,48 рис |
| 2025 | 898,80 | 143,09 люцерна прошлых лет | 154,49 люцерна прошлых лет | 154,21 рис | 128,70 рис | 150,48 люцерна текущего года |
| 2026 | 898,80 | 143,09 люцерна прошлых лет | 154,49 рис | 154,21 рис | 128,70 рис | 150,48 люцерна прошлых лет |
| 2027 | 898,80 | 143,09 рис | 154,49 рис | 154,21 рис | 128,70 люцерна текущего года | 150,48 люцерна прошлых лет |
| 2028 | 898,80 | 143,09 рис | 154,49 рис | 154,21 люцерна текущего года | 128,70 люцерна прошлых лет | 150,48 рис |
| 2029 | 898,80 | 143,09 рис | 154,49 люцерна текущего года | 154,21 люцерна прошлых лет | 128,70 люцерна прошлых лет | 150,48 рис |

продолжение таблицы

| Чередование культур на полях, га | | | Доля культур, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 167,83 рис | | | 447,01 | 143,09 | 308,70 | |
| 167,83 рис | | | 450,74 | 150,48 | 297,58 | |
| 167,83 люцерна текущего года | | | 437,40 | 167,83 | 293,57 | |
| 167,83 люцерна прошлых лет | | | 451,79 | 128,70 | 318,31 | |
| 167,83 люцерна прошлых лет | | | 448,06 | 154,21 | 296,53 | |
| 167,83 рис | | | 461,40 | 154,49 | 282,91 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

Приложение 5 к постановлению
акимата Жалагашского района
от «___»_______2024 года №___
Приложение 65 утверждено
постановлением акимата Жалагашского
района от 18 июня 2018 года № 120

Схема чередования (ротации) культур на орошаемых инженерно подготовленных землях №6 сельского округа Бухарбай батыр Жалагашского района

| Годы | Площадь севооборота, га | Чередование культур на полях, га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-поле | 2-поле | 3-поле | 4-поле | 5-поле |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2024 | 803,72 | 148,67 рис | 142,00 рис | 146,61 люцерна прошлых лет | 135,92 люцерна прошлых лет | 108,42 люцерна текущего года |
| 2025 | 803,72 | 148,67 рис | 142,00 рис | 146,61 рис | 135,92 люцерна прошлых лет | 108,42 люцерна прошлых лет |
| 2026 | 803,72 | 148,67 люцерна текущего года | 142,00 рис | 146,61 рис | 135,92 рис | 108,42 люцерна прошлых лет |
| 2027 | 803,72 | 148,67 люцерна прошлых лета | 142,00 люцерна текущего года | 146,61 рис | 135,92 рис | 108,42 рис |
| 2028 | 803,72 | 148,67 люцерна прошлых лет | 142,00 люцерна прошлых лета | 146,61 люцерна текущего года | 135,92 рис | 108,42 рис |
| 2029 | 803,72 | 148,67 рис | 142,00 люцерна прошлых лета | 146,61 люцерна прошлых лет | 135,92 люцерна текущего года | 108,42 рис |

продолжение таблицы

| Чередование культур на полях, га | | | Доля культур, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 122,10 рис | | | 412,77 | 108,42 | 282,53 | |
| 122,10 люцерна текущего года | | | 437,28 | 122,1 | 244,34 | |
| 122,10 люцерна прошлых лет | | | 424,53 | 148,67 | 230,52 | |
| 122,10 люцерна прошлых лет | | | 390,95 | 142,00 | 270,77 | |
| 122,10 рис | | | 366,44 | 146,61 | 290,67 | |
| 122,10 рис | | | 379,19 | 135,92 | 288,61 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

Приложение 6 к постановлению
акимата Жалагашского района
от «___»_______2024 года №___
Приложение 66 утверждено
постановлением акимата Жалагашского
района от 18 июня 2018 года № 120

Схема чередования (ротации) культур на орошаемых инженерно подготовленных землях №7 сельского округа Бухарбай батыр Жалагашского района

| Годы | Площадь севооборота, га | Чередование культур на полях, га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-поле | 2-поле | 3-поле | 4-поле | 5-поле |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2024 | 866,64 | 160,12 рис | 129,79 люцерна текущего года | 134,45 люцерна прошлых лет | 155,32 люцерна прошлых лет | 141,96 рис |
| 2025 | 866,64 | 160,12 люцерна текущего года | 129,79 люцерна прошлых лет | 134,45 люцерна прошлых лет | 155,32 рис | 141,96 рис |
| 2026 | 866,64 | 160,12 люцерна прошлых лет | 129,79 люцерна прошлых лет | 134,45 рис | 155,32 рис | 141,96 люцерна текущего года |
| 2027 | 866,64 | 160,12 люцерна прошлых лет | 129,79 рис | 134,45 рис | 155,32 рис | 141,96 люцерна прошлых лет |
| 2028 | 866,64 | 160,12 рис | 129,79 рис | 134,45 рис | 155,32 люцерна текущего года | 141,96 люцерна прошлых лет |
| 2029 | 866,64 | 160,12 рис | 129,79 рис | 134,45 люцерна текущего года | 155,32 люцерна прошлых лет | 141,96 рис |

продолжение таблицы

| Чередование культур на полях, га | | | Доля культур, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 145,00 рис | | | 447,08 | 129,79 | 289,77 | |
| 145,00 рис | | | 442,28 | 160,12 | 264,24 | |
| 145,00 рис | | | 434,77 | 141,96 | 289,91 | |
| 145,00 люцерна текущего года | | | 419,56 | 145,00 | 302,08 | |
| 145,00 люцерна прошлых лет | | | 424,36 | 155,32 | 286,96 | |
| 145,00 люцерна прошлых лет | | | 431,87 | 134,45 | 300,32 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

Приложение 7 к постановлению
акимата Жалагашского района
от «___»_______2024 года №___

Приложение 67 утверждено
постановлением акимата Жалагашского
района от 18 июня 2018 года № 120

Схема чередования (ротации) культур на орошаемых инженерно подготовленных землях №11 сельского округа Бухарбай батыр Жалагашского района

| Годы | Площадь севооборота, га | Чередование культур на полях, га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-поле | 2-поле | 3-поле | 4-поле | 5-поле |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2024 | 162,30 | 27,23 люцерна текущего года | 25,37 рис | 27,44 рис | 28,69 люцерна прошлых лет | 26,37 люцерна прошлых лет |
| 2025 | 162,30 | 27,23 люцерна прошлых лет | 25,37 люцерна текущего года | 27,44 рис | 28,69 люцерна прошлых лет | 26,37 рис |
| 2026 | 162,30 | 27,23 люцерна прошлых лет | 25,37 люцерна прошлых лет | 27,44 рис | 28,69 рис | 26,37 рис |
| 2027 | 162,30 | 27,23 рис | 25,37 люцерна прошлых лет | 27,44 люцерна текущего года | 28,69 рис | 26,37 рис |
| 2028 | 162,30 | 27,23 рис | 25,37 рис | 27,44 люцерна прошлых лет | 28,69 рис | 26,37 люцерна текущего года |
| 2029 | 162,30 | 27,23 рис | 25,37 рис | 27,44 люцерна прошлых лет | 28,69 люцерна текущего года | 26,37 люцерна прошлых лет |

продолжение таблицы

| Чередование культур на полях, га | | | Доля культур, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 27,20 рис | | | 80,01 | 27,23 | 55,06 | |
| 27,20 рис | | | 81,01 | 25,37 | 55,92 | |
| 27,20 люцерна текущего года | | | 82,50 | 27,20 | 52,60 | |
| 27,20 люцерна прошлых лет | | | 82,29 | 27,44 | 52,57 | |
| 27,20 люцерна прошлых лет | | | 81,29 | 26,37 | 54,64 | |
| 27,20 рис | | | 79,80 | 28,69 | 53,81 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

Приложение 8 к постановлению
акимата Жалагашского района
от «___»_______2024 года №___
Приложение 68 утверждено
постановлением акимата Жалагашского
района от 18 июня 2018 года № 120

Схема чередования (ротации) культур на орошаемых инженерно подготовленных землях №6 сельского округа Жанаталап Жалагашского района

| Годы | Площадь севооборота, га | Чередование культур на полях, га | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-поле | 2-поле | 3-поле | 4-поле | 5-поле |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 2024 | 259,65 | 30,71 рис | 43,73 люцерна прошлых лет | 56,95 рис | 44,73 рис | 44,20 люцерна текущего года |
| 2025 | 259,65 | 30,71 рис | 43,73 люцерна прошлых лет | 56,95 рис | 44,73 люцерна текущего года | 44,20 люцерна прошлых лет |
| 2026 | 259,65 | 30,71 рис | 43,73 рис | 56,95 люцерна текущего года | 44,73 люцерна прошлых лет | 44,20 люцерна прошлых лет |
| 2027 | 259,65 | 30,71 люцерна текущего года | 43,73 рис | 56,95 люцерна прошлых лет | 44,73 люцерна прошлых лет | 44,20 рис |
| 2028 | 259,65 | 30,71 люцерна прошлых лет | 43,73 рис | 56,95 люцерна прошлых лет | 44,73 рис | 44,20 рис |
| 2029 | 259,65 | 30,71 люцерна прошлых лет | 43,73 люцерна текущего года | 56,95 рис | 44,73 рис | 44,20 рис |

продолжение таблицы

| Чередование культур на полях, га | | | Доля культур, га | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 6-поле | 7-поле | 6-поле | рис | люцерна текущего года | люцерна прошлых лет | сафлор |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 39,33 люцерна прошлых лет | | | 132,39 | 44,20 | 83,06 | |
| 39,33 рис | | | 126,99 | 44,73 | 87,93 | |
| 39,33 рис | | | 113,77 | 56,95 | 88,93 | |
| 39,33 рис | | | 127,26 | 30,71 | 101,68 | |
| 39,33 люцерна текущего года | | | 132,66 | 39,33 | 87,66 | |
| 39,33 люцерна прошлых лет | | | 145,88 | 43,73 | 70,04 | |

Расшифровка аббревиатуры:
га – гектар

# СОТ ІСІНІҢ 96 ПАЙЫЗЫ ЭЛЕКТРОНДЫ НҰСҚАДА САҚТАЛҒАН

**2023 жылы Қызылорда облысы бойынша барлығы 33 687 сот ісі тіркелген. Оның ішінде 17 435-і азаматтық іске байланысты қозғалған. Қалған сот істері өз мерзімінде шешіліп, толық аяқталды. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Елтай Бөрібаев хабарлады.**

Департаменттің негізгі бағыты – статистикалық деректер мен сот істерінің жай-күйін толық талдау болып табылады. Бұл ретте біздің жұмыс жүйеміз жанданып, оңтайландырылып келеді. Сонымен қатар, аяқталған істердің 96 пайызы электронды нұсқада сақталған. Соңғы бес жыл көлемінде шешілген сот істері туралы мәліметтерді осы электронды нұсқаға көшірдік. Бұдан бөлек, былтыр 12 мониторинг пен сот істеріне қатысты 24 талдау жұмыстары жасалды, - деді Елтай Бөрібаев.

Брифинг барысында ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Мөлдір Асанова жыл көлемінде Әдеп жөніндегі уәкіл бойынша атқарылған жұмыстар мен мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды атап өтті.

-Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік жүйені дамытудың негізгі айнасы іспеттес. Сол себепті мемлекеттік қызметшілердің оң имиджін қалыптастыру, олардың қызметін халыққа дұрыс насихаттау аса маңызды болып табылады. Бұл ретте Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі жүйелі жүргізіліп келеді. Былтыр осы Әдеп жөніндегі уәкілдің жылдық жоспарына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге арналған әр түрлі семинар-тренингтер, жиындар, мәдени-спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, жарты жылда бір рет мемлекеттік қызметшілерден арнайы сауалнама алынады, - деді Мөлдір Асанова.

Одан әрі қалалық соты әкімшісінің басшысы Нұрила Дүйсенова «Сот кабинеті» электронды сервисі туралы толығырақ баяндап өтті.

-Өздеріңіз білетіндей, Қызылорда қалалық соты жергілікті азаматтардың мәселелері бойынша істермен айналысады. Атап айтқанда, неке және отбасына қатысты даулар, мұрагерлік істер, жер қатынастары, жеке азаматтардың еңбек даулары сынды мәселелер қарастырылады. Қаралатын сот істері «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы жүзеге асырылады. Тиісінше, әрбір азамат электронды цифрлы қолтаңбаны алып, сот кабинетіне тіркелгеннен кейін үйде отырып-ақ аталмыш сот ісі туралы мәліметтерге қол жеткізе алады, - деді Нұрила Дүйсенова.

# ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖАЗАЛАНДЫ



Қызылорда облысы әкімдігіне қарасты екі басқарманың лауазымды тұлғалары «Прокуратура туралы» Конституциялық заңның талаптарын бұзғандары үшін әкімшілік жауапқа тартылды.

Облыс прокуратурасы мал жаюға арналған жайылымдардың жетіспеушілігіне талдау жасап, нәтижесінде мал санының статистикасын қалыптастыру барысында бұзушылықтарға жол берілгенін анықтады.

«Аталған дерек бойынша прокуратура облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасына ұсыну енгізді. Дегенмен осы басқарманың басшысымен қадағалау актісіне уақытылы жауап берілмегендіктен, ол сотпен ҚР ӘҚБтК-нің 664-бабымен әкімшілік айыппұл түріндегі жауаптылыққа тартылды.

Өзге жағдайда Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Табиғат қорғау прокуратурасының тексеруге қажетті құжаттарды ұсыну туралы талабына немқұрайлылықпен қарап, прокурордың заңды талабын орындамаған», - делінген облыс прокуратурасының таратқан хабарламасында.

Аталған әрекет үшін басшысы сот қаулысымен ҚР ӘҚБтК-нің 665-бабының 2-бөлігімен әкімшілік жауаптылыққа тартылып, оған 172 мың теңге айыппұл салынды.

# «ТҰРМЫС» ЖЕДЕЛ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТУДЕ

Тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында қаңтар айының 15-нен бастап облыс көлемінде «Тұрмыс» жедел профилактикалық іс- шарасы өтуде.

Іс – шара шеңберінде отбасы-тұрмыстық қатынастар саласында құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша алкогольдік ішімдіктерді жүйелі түрде қолдануға бейім тұлғалармен жұмыс күшейтіледі.

Полиция қызметкерлері қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша халық арасында кең ауқымды іс-шаралар өткізіп, тұрғылықты мекен-жайлары бойынша есептегі адамдарды, сондай-ақ қолайсыз отбасыларды тексеретін болады.

Сондай – ақ, полицейлер жазалау шаралары туралы еске салмақ.




**15.01-21.01.2024**



**Тоқты**
**(21 наурыз-20 сәуір)**
Жұмысқа көп көңіл бөліңіз. Сізге жоспарларыңызды түзетуге және маңызды жобаларды жылдамдатуға тура келуі мүмкін. Уайымдамаңыз, сіз бәрін жоғары кәсіби деңгейде жасайсыз. Жұма күні мұқият болыңыз, шаршау байқалады. Демалыс алыңыз.



**Торпақ**
**(21 сәуір-20 мамыр)**
Сізге бастамашылдық пен батылдық таныту керек. Идеяларыңызды жүзеге асыруда сізге әріптестер, достар, жақын адамдарыңыздың қолдауы қажет. Демалыс күні демалуға мүмкіндігіңіз болмайтын сияқты, әбігерге түсу, кездесулер, үй шаруалары көп болады.



**Егіздер**
**(21 мамыр-21 маусым)**
Қызықты мүмкіндіктер мен бұрыннан келе жатқан тілектердің орындалуы мүмкін. Сіз өзіңізге, серіктесіңізге және жалпы жеке өміріңізге шүкіршілікпен қарауды үйреніңіз. Шындығында бәрі керемет және сіз қалағандай жүріп жатыр.



**Шаян**
**(22 маусым-22 шілде)**
Шығармашылық жобалар мен жарнамалық акциялар үшін қолайлы уақыт. Жақсы мансаптық өсулер болып, жоғары кәсіби деңгейге жету жолындасыз. Бейсенбіде маңызды кездесулерді жасамау керек. Жақындарыңызға жұмсақтық пен қамқорлық танытыңыз.



**Арыстан**
**(23 шілде-22 тамыз)**
Апта басында іскерлік келіссөздер сәтті өтуі мүмкін, бұл сіздің әл-ауқат деңгейіңізді тұрақтандырады. Сәрсенбіде жұмыста шамадан тыс белсенділік пен бастамашылық танытпаған дұрыс, өйткені бұл қызғаныш пен түсініспеушілік тудыруы мүмкін.



**Бикеш**
**(23 тамыз-22 қыркүйек)**
Сізге жаңа командада жұмыс істеуге бейімделу қажет болуы мүмкін. Ақпаратты өңдеу және мәліметтерді хабарлау мүмкіндігіңіз сізге қазір көмектесе алады. Сенбі аптаның ең қиын күндерінің бірі болуы мүмкін. Бұл жағдайдан шығудың ең жақсы жолы жалғыздық.



**Таразы**
**(23 қыркүйек-22 қазан)**
Бұл мансаптық жетістіктер мен махаббат қарым-қатынастары үшін қолайлы уақыт. Мәселелеріңізді шешу үшін басқалардың көмегінен бас тартпаңыз. Демалыс күнгі іскерлік немесе романтикалық кездесу мүмкіндіктеріңізді кеңейтуі мүмкін.



**Сарышаян**
**(23 қазан-21 қараша)**
Сіздің алдыңызда туындаған қиындықтар мен кедергілер апта бойы бірте-бірте жойылады. Және сіз өте қызықты перспективаларды көресіз. Сізді жақсы табыс, бизнес пен махаббатта табыс күтеді. Жоспарларыңыз туралы ақпаратты таратпаған жөн.



**Мерген**
**(22 қараша-21 желтоқсан)**
Өз күшіңізге сену әрқашан дана шешім емес. Уақытты ұсақ-түйекке жұмсамасаңыз, көптеген жоспарларды жүзеге асыруға мүмкіндігіңіз бар. Сенбіде қала сыртындағы сапарлар немесе мұз айдынына бару сәтті болады.



**Тауешкі**
**(22 желтоқсан-19 қаңтар)**
Сіздің табысыңыз тек өзіңізге ғана емес, басқалардың да қолдауына байланысты. Аптаның ортасында отбасындағы келіспеушіліктерді болдырмауға тырысыңыз, бұзылған нәрсені қалпына келтіру оңай болмайды, тәуекелге бармағаныңыз жөн.



**Суқұйғыш**
**(20 қаңтар-18 ақпан)**
Идеяларыңызды жүзеге асыруда әріптестеріңіздің қолдауына ие болып, батыл, жылдам әрекет етіңіз. Жұмыста өзгерістер болуы мүмкін, еңбегіңізді объективті бағалау сіздің беделіңізді арттырады. Сенбіде жинақталған үй шаруасынан арыла алмайсыз.



**Балықтар**
**(19 ақпан-20 наурыз)**
Осы аптада отбасында көптен бері жиналып келе жатқан мәселелерге байланысты шиеленіс болуы мүмкін. Мүмкін сізге екі жаққа кетіп, жаңа махаббат іздейтін уақыт келді ме? Ойларыңызды жүйелеуге және кәсіби мәселелерге назар аударуға тырысыңыз.

**МӘМС**

# Диализдің орнына донор бүйрек: МӘМС АҚШАСЫ ҚАЙДА КЕТЕДІ?

**Қызылорда облысының 600-ге жуық тұрғыны бүйрек жеткіліксіздігімен диспансерлік есепте тұр. 200-ге жуық адам демеуші терапия – гемодиализ бағдарламасында. Бұл қандай әдіс, қанша тұрады және мұндай осы диагнозбен ауыратын науқастарды емдеудің балама түрі бар ма? Осы сұрақтарға өз сұхбатында көпсалалы облыстық аурухананың бас дәрігері Жасұлан Баймаханов жауап берді.**

**- Жасұлан Болатбекұлы, бүгінде бүйрек жеткіліксіздігінің салдары қандай және осы диагнозбен ауыратын науқастарға қандай медициналық көмек көрсетілуде?**

- Бүйрек жеткіліксіздігі бүкіл ағзаның жұмысына әсер етеді. Қанның құрамы өзгереді, нәтижесінде қан аздық және қан кету бұзылыстары пайда болады. Жүректің және қан тамырларының дисфункциясы, бұл гипертония мен жүрек жеткіліксіздігіне әкелуі мүмкін. Асқорыту, жүйке және иммундық жүйелерде бұзылулар орын алады, тірек-қимыл аппаратына әсер етеді. Нәтижесінде науқас - іріңді-септикалық процестер, ішкі қан кету секілді өмірге қауіп төндіретін жағдайларға тап болуы мүмкін. Барлық осы жағымсыз салдардың алдын алу үшін емделушілер гемодиализ бағдарламасына жіберіледі. Бұл бүйректен тыс қанды тазарту әдісі, оның барысында улы метаболикалық өнімдер ағзадан шығарылады, су мен электролит балансының бұзылуы қалыпқа келтіріледі. Бүгінде аймақта 200-ге жуық адам гемодиализде. Айта кету керек, бұл арзан ем шара емес.

**- Оның құны қанша және емделушілерге қаншалықты тиімді?**

- Пациенттер ештеңе төлемейді, емделу ақысы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры арқылы төленеді. Басты міндет – «сақтандырылған» мәртебесі болуы қажет. Бірақ оның құны гемодиализдің өзінен әлдеқайда төмен. Жыл сайын әр пациентке шамамен 6 миллион теңге қарастырылған. Бұл әр емделушінің өзінің отбасылық бюджетінен бөле алмайтын орасан зор қаражат. Ем-шара өмірлік екенін ескерсек, бұл қолжетімсіз шығындар.

**- Гемодиализге балама бар ма?**

– Иә, донорлық бүйрек трансплантациясы. Облысымызда мұндай алғашқы ота 2014 жылы жасалған болатын. Астана, Алматы, Шымкент, Ақтөбеден кейін Қызылорда облысы республика бойынша мұндай оталарды жүргізетін бесінші өңір болды. Қазір облыста ағзасы ауыстырылған 85 адам тұрады. Трансплантациялау оталары А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында жасалды. Енді көптеген шеберлік сабақтарын аяқтаған тәжірибелі мамандарымыз мұндай оталарды өз бетінше жасайтын болады. Өткен жылдың соңында Қызылорда қаласының 25 жастағы тұрғыны Дастан Мамытқа отаны сәтті жасадық. Науқас үш жыл бойы жасанды бүйрек аппаратына тәуелді болды. Донор оның ағасы, 39 жастағы Омар Мамытов. Трансплантация тек жақын туыстар арасында жүргізіледі. Бүгінгі таңда реципиент пен донордың денсаулық жағдайы қанағаттанарлық. Отаны медицина ғылымдарының докторы, профессор, жоғары санатты дәрігер Болатбек Баймаханов пен көпсалалы облыстық аурухананың трансплантолог дәрігерлері жасады.

**- Ота тегін бе?**

- Науқас үшін, иә. Бірақ қаржыландыру міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы келеді. Құны гемодиализдікіне ұқсас, 6 миллион теңге. Бірақ хирургия, гемодиализден айырмашылығы, емделушілердің өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартады.

**- Отаға науқастарды қандай негізінде таңдайсыз?**

– Алдын ала комиссия құрылады, оның ішінде заңгерлер де бар. Науқасты, донорды мұқият медициналық тексеруден өткізгеннен кейін және барлық тәуекелдерді талдаудан кейін мұндай отаны жасауға рұқсат беріледі. Бұл күндері доноры бар тағы 2 науқас дайындалуда. Және жоғарыда атап өткенімдей, біз отаға мұқият дайындаламыз!

**-Бүйрек трансплантациясынан кейін өмір сүру деңгейі қандай болады?**

-Науқас дәрігердің барлық ұсыныстарын орындап, салауатты өмір салтын ұстанатын болса, асқыну қаупі аз болады. Бір бүйрегі бар донор да, реципиент те толыққанды өмір сүре алады. Отадан кейін мұндай науқастардың өмір сүру ұзақтығы айтарлықтай артады. Пациенттің ең кішісі үш айлық, ең үлкені 60 жаста. Қазірдің өзінде трансплантациялау отасынан өткен адамдардың тұтас топтары бар. Олар отбасын құрады, жұмыс істейді және, былайша айтқанда, толыққанды өмір сүреді.

**- Сөз соңында осы мүмкіндіктер үшін алғыс айтқым келеді. Гемодиализдің қажеті болмас үшін, жылдар бойы осындай оталар көбейе берсін. Сұхбатыңызға рақмет!**

# ДИСПАНСЕРЛІК ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН ПАЦИЕНТТЕРГЕ ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҚОЛЖЕТІМДІ?

**МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған пациенттерге қандай медициналық қызметтер қолжетімді, қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады, жұмыс істемейтін жүкті әйел уақытша сақтандыру мәртебесін қалай алады? Оқырмандардың осы және басқа да сұрақтарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.**

**- МӘМС жүйесіне аударған жарналарымды қайтара аламын ба?**

-Иә, қайтара аласыз. Тек келесідей жағдайларда ғана. Егер жарнаны төлеу кезінде қате жіберіліп, сіздің жасаған төлеміңіз жүйеде көрінбесе жарна қайтарылады. Сондай-ақ егер сіз жеңілдікке ие азаматтар санатында болсаңыз, жарнаны қайтарып алуға болады. Өйткені, мұндай санаттағы адамдарға жарнаны мемлекет төлейді. Басқа жағдайларда төлем қайтарылмауы мүмкін. МӘМС-ке төленетін жарналар мен аударымдар түсетін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мынадай себептер бойынша ақшаны қайтарудан бас тарта алады: өтініште қаржыны қайтаруға қисынсыз себеп жазылған кезде; өтінішке қоса берілген құжаттар толық болмаған жағдайда; ақшаны қайтаруға негіз жоқ болса; төлемді қайтару уақытша тоқтатылған немесе жойылған жеке кәсіпкерлерге ресімделеді, ал ақпараттық жүйелерден әлгі жеке кәсіпкердің жұмыс істеп тұрғандығы туралы деректер келеді: егер қайтаруды ҚР аумағына уақытша келген шетел азаматы рәсімдесе (немесе шетел азаматының отбасы мүшесі). Мұндай жағдайда жарна қайтарылмайды.

**-Мен медсақтандырусыз жүктілік есебіне тұра аламын ба?**

-МӘМС пакетіндегі медициналық қызметтер көрсеткіштер бойынша және емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша «сақтандырылған» мәртебесінде тегін көрсетіледі. Егер жүкті әйел жеке кәсіпкер болса, онда ол өзі үшін 5 950 теңге мөлшерінде белгіленген жарнаны төлейді. Бұл санаттағы әйелдер жеңілдік санатына кәсіпкерлік немесе еңбек қызметін жүзеге асырмайтын, табысы жоқ кезде кіреді. МӘМС туралы Заңның 26-бабының 3-тармағына сәйкес сақтандыру жеңілдікті мәртебе ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН жүкті әйелге жеңілдікті мәртебе беріледі, ол үшін қатарынан 2 айдан астам әлеуметтік және зейнетақы аударымдары жүргізілмеген болу қажет. МӘМС жүйесінде «сақтандыру» мәртебесі жоқ жүкті әйелдер «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы арқылы уақытша мәртебеге ие бола алады. МӘМС жүйесінде уақытша мәртебе беру үшін ЖСН және жүктілік мерзімі туралы ақпаратты көрсете отырып, 027/е нысаны бойынша анықтаманы қосымшаға бекіту қажет. Сонымен қатар, анықтамада медициналық мекеменің мөрі және берілген күні болуы керек. Сақтандырудың уақытша мәртебесін алғаннан кейін бір ай ішінде МӘМС жүйесінде өзінің тұрақты мәртебесін өзектендіру қажет.

**-Қант диабеті бойынша есепте тұрмын. 6 ай бойы медициналық сақтандыруды төлеген жоқпын. Қандай медициналық қызметтер қол жетімді?**

-Егер сіз созылмалы аурумен «Д» есебінде болсаңыз, онда медициналық көмек сақтандыру жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде тегін көрсетіледі. Созылмалы аурумен динамикалық бақылау шеңберінде жергілікті дәрігерден жолдамасыз бейінді маманға жүгіну көзделген. Осылайша, динамикалық бақылауда тұрған пациенттерге (диспансерлік есепке алу) медициналық көмек ТМККК есебінен тегін көрсетіледі, яғни МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесі диагноз қойылған және динамикалық бақылауға алынған сәттен бастап талап етілмейді. МӘМС пакетіне кіретін диагностикалық зерттеулерді алу үшін МӘМС жүйесінде сақтандыру мәртебеңіз болуы қажет. "МӘМС туралы" Заңға сәйкес МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесі мен медициналық көмекке құқықтардың Қорға аударымдар және (немесе) жарналар төлеу жүзеге асырылған тұлғалары болады. Бұдан басқа, "МӘМС туралы" заңда мемлекет МӘМС жарналарын төлейтін азаматтардың 15 жеңілдетілген санаты көзделген. Осылайша, егер Сіз жоғарыда аталған жеңілдікті санаттардың біріне жатсаңыз, онда МӘМС жарналарын төлеуден босатыласыз.

# БИЫЛ МӘМС ҮШІН ҚАНША ТӨЛЕЙДІ?

**МӘМС төлемдері бойынша ставкалар өзгеріссіз қалды, бірақ 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мөлшері ұлғайды. Ол бірнеше төлемнің көлеміне әсер етті. Қазақстандықтар ағымдағы жылы медициналық сақтандыру үшін қанша төлеуі керек? Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов толығырақ айтып берді.**




Жұмыс берушілер қызметкер үшін жалақының 3% мөлшерінде аударымдар жүргізеді, бұл ретте салық салынатын ай сайынғы табыс 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауға тиіс, яғни жұмыс берушінің аударымдарының ең жоғары төленетін сомасы айына 25 500 теңгені құрайды. Бұл қаражат қызметкердің жалақысынан ұсталмайды, оларды жұмыс беруші кәсіпорын есебінен төлейді.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарты негізінде қызмет көрсететін жалдамалы жұмыскерлер мен қызметкерлер МӘМС-ке ай сайынғы табысының 2% мөлшерінде жарна төлейді. Салық салу объектісі барлық жұмыс орындарынан айына 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге) аспауы тиіс, яғни қызметкердің жалақысына қарай, төлейтін ең жоғары жарнасы 17 000 теңгені құрайды.

Жеке кәсіпкерлер 1,4 еселенген ЕТЖ-дан 5% төлейді. 2024 жылы: (1,4 * 85 000) * 5% = 5 950 теңге.

Егер жеке кәсіпкер есептілікті «нөлмен» тапсырса, бірақ өз қызметін ресми түрде тоқтатпаса, онда ол Салық кодексі талап еткендей жарналарды төлеуді жалғастыруы керек екенін есте ұстаған жөн. Әйтпесе, қарыз пайда болады.

Дербес төлеушілер ең төменгі жалақының 5% көлемінде, яғни 4 250 теңге жарна төлейді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС жүйесінде сақтандырылу үшін өткен 12 айдың берешегін жабу керек немесе алдағы 1 жылға жарна төлеуге болады. Бұл жағдайда төлемді әр айға жеке-жеке төлеген жөн.

1 қаңтардан БЖТ қолданылу мерзімі аяқталғандықтан, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мәртебені екі жолмен ала алады:

- жеке кәсіпкер ретінде тіркелу және жарналарды ЖК ретінде төлеу;
- жарналарды дербес төлеуші ретінде төлеу.

Мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін 2024 жылы 5852,63 теңге жарна төлейді.

Екі жерде жұмыс жасаса, жарналарды қалай төлейді?

Кейбір азаматтар екі жерде жұмыс істейді. Бұл жағдайда төлемдерді есептеу үшін шекті табысты ескеру керек – ол 10 ЕТЖ (2024 жылы 850 000 теңге).

МӘМС-ке аударымдар әр жұмыс орнынан аударылады, бірақ 25 000 теңгеден аспауы керек. (850 000 теңгенің 3%).

Ал жарналарды есептеу кезінде барлық жұмыс орынанан түсетін ортақ табысы ескеріледі, яғни әр айға жарна 17 000 теңгеден аспауы тиіс (850 000 теңгенің 2%).

Қызметкер төлемдерді дұрыс есептеу үшін бірінші жұмыс орнынан екіншісіне анықтама тапсыру керек.

Мысалы, қызметкер А ұйымынан 550 000 теңге жалақы алса, Б ұйымынан 400 мың теңге түседі. Оның ортақ табысы 950 000 теңге, яғни, шекті салық салынатын кірістен жоғары.

Бұл жағдайда бірінші жұмыс беруші 11 мың теңге көлемінде жарна ұстап, 16 500 теңге көлемінде аударым жасайды.

Екінші жұмыс орнында оған 6 000 теңге (жарнаның ең жоғары мөлшері 17 мыңнан төленген 11 000 теңге жарнаны шегергенде) жарна төлейді.

Аударымдардың мөлшері 18 000 теңгені құрайды (аударымдарды есептеу үшін табыс қосылмайды).

Сондай-ақ, ресми қызметінен бөлек, жеке бизнесі бар жеке кәсіпкерлер де бар. Бұл жағдайда қызметкердің жалақысынан қажетті жарналар мен аударымдар төленеді әрі Салық кодексі талап еткендей жеке бизнесі үшін төлеуі қажет.

# ТҮЗЕТІЛІП ОҚЫЛСЫН

Құрметті қала тұрғындары,«Ел Тілегі» газетінде №1-2 (857-858) сәрсенбі 3-10 қаңтар 2024 жыл шығарылымындағы 2 парақта жарияланған Жеке үлгі шарттың тақырыбы төмендегідей өзгертілсін:

Жария шарт №

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕ ТҰРАТЫН ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ТҰРМЫСТЫҚ ҚАТТЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ

Уважаемые жители г.Кызылорда, заголовок Индивидуального типового договора, опубликованного в газете «Ел Тілегі» на 2-ом листе выпуска № 1-2 (857-858) среда 3-10 января 2024 года, изменить следующим образом:

Публичный договор №

НА ОКАЗАНИЕ УСЛУГ ПО ВЫВОЗУ ТВЕРДО-БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ДЛЯ ФИЗИЧЕСКИХ ЛИЦ ПРОЖИВАЮЩИХ В ЖИЛЫХ ДОМАХ

# ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 66,5 МЛРД ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2024 жылдың 1 қантарға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 66,5 млрд. теңге аударды, оның 40,3 млрд. теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 26,2 млрд. теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі, - деп хабарлады «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер ақысын төлеуге жұмсалуда.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
**Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

*Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді*

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №8**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***